

және басқыншы екенін, осы түрдегі ұлтшылдықтың ерте ме кеш пе жойылатынын айтады және түріктердің басқыншы ұлтшылдығы қате дегенді айтады. Екінші жағынан, демократиялық түрікшілдіктің түріктер үшін талап еткен құқықтарын басқа ұлттарға да тең дәрежеде мойындайтынын баса айтып, өзінің о бастан демократиялық түрікшілдікті жақтайтынын, алған дәрістерінен өнеге ала отырып, бұл негізді бұдан да көбірек жақтайтынын нық сеніммен жеткізеді /9/.

Анкараға келгеннен кейін, оқытушылық қызметін қайта бастаған Акчура, алдымен «Еркін халық дәрістері курсында» (1911-1922 жж.), одан кейін Анкара құқық мектебінде дәріс береді. Кемалист жүйе құрылғаннан кейін Хамдуллах Супхи тарапынан қайтадан әрекетке көшкен «Түрік ошақтарында» да жұмыс істей бастады және осы қызметтерін 1931 ж. ұйымның жабылуына дейін жалғастырды. Акчура түрік ұлтшылдығының ең бірінші мәселесі ретінде, жаңа мемлекеттің этникалық және мәдени біртектілік мәселесі санайтын еді. 1925-1928 жж. арасында «Түрік ошақтарында» ең көп тартыс тудырған мәселе де осы еді. Юсуф Акчураның пікірінше, ең алдымен түрік мәдениетін нығайтып, оны кең көлемде тарату қажет. Түрік мәдениеті мен тілінің дамуы - түрік экономикасының күшеюімен байланысты еді /1, 127-129/.

1923 жылы Стамбул халық өкілі ретінде «Түркия Бүйүк Миллет Меджлиси» (қазақша ауд. – «Түркия Жоғарғы Халық Мәжілісі») мүшелігіне қабылданған Акчура, өзін толығымен заң шығару жұмыстарына арнап, «Түрік Юрду» журналындағы жұмыстарына үзіліс жасайды. 1931 жылы, кейінірек «Түрік тарихы қоғамына» айналатын «Түрік

тарихын зерттеу қоғамының» құрылуына қатысады және келесі жылы осы қоғамның төрағалық қызметіне келеді. Түрік тарихының жалпы шегінің белгіленуіне үлес қосады және 1932 ж. Анкарада алғаш рет өткізілген «Түрік тарихы құрылтайына» төрағалық етеді. Құрылтай, жаңа ұлттық тарих ұғымының алғашқы үлкен бейнесі болады. 1934 ж. дейін мәжілісте Стамбул атынан өкілдік еткен Акчура, өлімінен бір жыл бұрын Карс халық өкілдігіне сайланған еді /10/. Өмірін әрі Ресей түрікшілдігі, әрі Түркия түрікшілігі үшін қызу мәдени және идеологиялық күреске сарп еткен Юсуф Акчура, 1935 ж. жүрек талмасынан өмірден озды.

\*\*\*

1. François Georgeon, *Türk Milliyetçiliğinin Kökenleri*, Yusuf Akçura 1876-1935, (Çeviren Alev Er), Tarih Vakfı Yayınları, İstanbul, 2005.
2. Yusuf Akçura, *Türkçülüğün Tarihi*, Kaynak Yayınları, İstanbul, 2001.
3. Yusuf Akçura, *Üç Tarz-ı Siyaset*, Türk Tarih Kurumu Yayınları, Ankara, 1976.
4. Pavrus Risal, *“Türkler Bir Ruh-ı Milli Arıyorlar I”*, Türk Yurdu, yıl 1, sayı 21, cilt 2, 23 Ağustos 1328-5 Eylül 1912.
5. Pavrus Risal, *“Türkler Bir Ruh-ı Milli Arıyorlar II”*, Türk Yurdu, yıl 1, sayı 22, cilt 2, 6 Eylül 1328- 19 Eylül 1912.
6. Jacob M. Landau, *Pantürkizm*, Sarmal Yayınevi, (Çeviren: Mesut Akın), İstanbul, 1999.
7. Adile Ayda, *Sadri Maksudi Arsal*, Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 1991.
8. Celal Metin, *“Yusuf Akçura ve I. Dünya Savaşında Rusya’daki Türk Esirler”*, Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, Cilt, 2 Sayı, 3, Eylül 2005.
9. Nizam Önen, *İki Turan*, Macaristan ve Türkiye’de Turancılık, İletişim Yayınları, İstanbul, 2005.
10. Yusuf Sarınoy, *Türk Milliyetçiliğinin Tarihi Kökenleri ve Türk Ocakları*, Ötüken Yayınları, İstanbul.

\*\*\*

### М.Ш. Эгамбердиев

## XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖӘДИД МЕКТЕПТЕРІ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өмірінде кең өріс алған жәдидшілдік қозғалыс тарихы көптеген отандық және шет ел зерттеушілерінің объектісіне айналғаны белгілі /1/. Түркістан өңірінде діни схоластикалық негізде дамып келген мектеп, медреселердің ескіргенін сезінген “қадыми” (қадым-арабша “көне” деген мағынаға келеді) мұсылман зиялылары мен орысша ілім алған және өмірге жаңа көкараспен қарай бастаған кейбір озат пікірлер, “қадым” оқуының даму әкелмейтінін сезіп, мектеп, медреселерде діни ілімдермен қатар, заманауи пәндерді де оқыту қажеттілігін түсінді. Сөйтіп, бұрынғы “усул-и қадим” (усул-и қадим-арабша “көне әдіс”) мұсылмандық оқу орындарының орнына “усул-и жәдид” (усул-жәдид-арабша “жаңа әдіс”) мектеп, медреселерін аша бастады. Мұны мұсылман халықтарының ұлттық сана сезімінің оянуымен және олардың еуропалық мәдениетке ұмтылысымен, сондай-ақ, өмірін қайта құруға талпынысының жандана түсуімен байланыстыруға болды.

Алғаш рет “жаңа әдісті” мектеп, медреселерін ашқан Ысмайыл Гаспыралы (Түркі әлемінде оны осылай атайды) болды. Оның “Русское мусульманство” атты саяси памфлеті Ресей мұсылмандары арасында ұлттық дербестік идеяның таралуына себеп болды. Памфлетте Ресей империясының орыстандыру саясаты мен білім беру жүйесі сынға ұшырады. Ысмайыл Гаспыралының бұл памфлетті жариялаудағы басты мақсаты - патша өкіметінен мұсылмандардың рухани өсуіне мүмкіндік беруді талап ету болды /2/. Ысмайыл Гаспыралының мақсатын орыс миссионер-ғалымдары былай сипаттайды: “Цели И. Гаспринского были просты и ясны: правильное воспитание русских мусульман, развитие популярной литературы, возможное распространение русского языка, науки и культуры среди русских мусульман и тесное сплочение их с русскими на почве науки и материального прогресса” /3/. Н.П. Остроумов өзінің күнделігінде “Гаспринский не допускает “кровного хи-

мического единения” мусульманских подданных России с русскими, а желает единения нравственного, ассимиляции нравственной и духовной, основанной на принципе национальной индивидуальности, свободы и самоуправления”- деп жазып, Ы. Гаспыралының нақты мақсаттарын ортаға салған /4/.

Ысмайыл Гаспыралы Бақшысарай қаласында 1883 жылы жиырма жыл ішінде баспасөз органы қызметін атқарған және түркі халықтарының оқу-ағарту саласында қызмет еткен “Тәржімән” (аудармашы) газетінің редакторы болып, өзі құрастырған әліппе негізінде: “Тілде, пікірде және тірлікте бірлік”- ұранымен Ресей боданына тап болған түркі халықтарының ортақ әдеби тіліне қажеттілік мәселесін көтерді. Газет түрік тілінде шығып, көптеген мұсылман елдеріне таратылатын. Түрік тілі ортақ тіл ретінде таңдалуының басты мақсаты-түркі халықтарын бір араға біріктіру болды.

Түрікшілдік мәселесі патшалық Ресейде едәуір сынға алынып, оған қарсы күрес жұмыстары жүргізілгені баршаға аян. Бұл мәселені патша үкіметі кезінде де Кеңес заманында да қаралап, түркі халықтарын ұлтшылдықпен айыптайтын. Қуғынға ұшыраған тарихшылардың бірі Баймирза Хайт “Түрікшілдік” жөнінде өзінің мынадай пікірін жазған: “Кезінде патша өкіметі мен Кеңес дәуіріндегі саясаткерлер мен тарихшылар “Түрікшілдікке” саяси қозғалыс сипатын берген. Бірақ, бұл саяси қозғалыс емес. “Түрікшілдік” ғылыми-этикалық, философиялық мектеп, мәдени жолындағы бірігу идеясын ұағыздайтын және агрессиядан қорғанатын бірден-бір тәсіл” /5/.

1890 жылдары Ресейде алғаш рет Ысмайыл Гаспыралы татарларға ана тілі мен сауаттылығын үйрететін “Устул-и жәдид” атты оқулығын шығарды. Бұл оқулық дыбыстық әдіспен құрастырылып, түркі халықтарының сол әдіспен оқуына мүмкіндік тұғызды. Мұсылман халықтары заманауи еуропа ғылымдарын түріктер мен орыстар арқылы таныды. Себебі, Еділ өңіріндегі “жәдидшілердің” басым бөлігі орысша сауат алмаған, олар медреседе білім алған қызметкерлер еді. Ал медресе-

де бұл қызметкерлер мұсылмандық сауатты түрік тілінде алған /6/.

Зеки Уәлиди Тоган өз еңбектерінде жәдидшілдік қозғалыстың мазмұны мен идеологтардың қызметін талқылауға талпыныс жасап, бұл қозғалысқа “түркі халықтарының қоғамдық өмірін өзгертіп, еуропа мәдениетімен бірігуді мақсат еткен сауатты-мәдени қозғалыс”- деген баға берді. Сондай-ақ Зеки Уәлиди Тоган жәдидшілдік қозғалыстың әлеуметтік бағыт-бағдарын белгілеп, “бұл жүйе бір жақтан- қоғамның ең төменгі сатысын көтеруге талпынса, екінші жақтан - ұсақ бұржуазияның практикалық міндеттеріне жауап берген”- деп, жәдидшілердің халықтың діни-адамгершілік жағынан тәрбиелеуді мақсат еткенін жазған. Ол жәдидшілдік қозғалысты екі кезеңге бөлген: біріншісі - XIX ғасырдың 80-ші жылдарынан бірінші орыс революциясына дейінгі кезең. Бұл кезеңде халық, жәдидшілдік идеяларынан жатырқады. Отар әкімшілігі де оған онша мән бермеді. Екінші кезең - бірінші орыс революциясынан 1917 жылғы революцияға дейінгі кезең. Бұл кезеңде жәдидшілер мектеп реформаларын жүргізіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өмірді өзгерте бастаған /7/.

Түркістан өлкесінде алғашқы жаңа әдісті мектептің негізін қалаған Ташкенттік Мұнавар Қары Абдурашидханов болды. Ол Ташкент қаласында жақсы жабдықталған екі сыныптық мектеп ашып, онда жаңа әдісті мектептерге арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарды дайындаған. Мұнавар Қары Абдурашитханов ашқан бұл жаңа әдісті мектепке арналған оқу бағдарламасы бір және екі сыныпты мектептерге бірдей еді. Бір сыныпты мектепті бітірген балалар емтихансыз жаңа әдісті екі сыныпты Мұнавар Қарының мектебіне қабылданатын. Бұл мектепте сабақтарда пайдаланатын “Ади-би-Аввал” (бірінші ұстаз) атты мұсылман әліппесін Мұнавар Қары өзі құрастырған. Бұл кітап бойынша: оқушылар араб әріптерін буындап оқығаннан кейін, қысқаша әңгімелерді оқитын. Мұнавар Қары арабша жазуларын оқуды оңайлату үшін тыныс белгілерін қойған. Ал ескі

әдісті мектептердің оқулықтарында тыныс белгісі қойылмайтын. Сондай-ақ, бұл оқулықта дін ілімі мен географиялық мәліметтерге қатысты мақалалар жазылған /8/. Сонымен қатар, жеке-дара шыққан Мұнавар Қары мен Исмаил Әлиевтің құрастырған “Тәжуид” оқулығы құранды дұрыс оқуға мүмкіндік беретін.

Ашылған бұл мектеп, Түркістан өлкесінде басқа да жаңа әдісті мектептердің ашылуына елеулі ықпалын тигізді. Аталмыш мектепте оқыған оқушылар көптеген жетістіктерге жетіп, халық арасында беделге ие болды.

Н.П. Остроумовтың берген мәліметтеріне қарағанда, Түркістан өңірінде алғашқы жәдидтік мектеп Ферғана алқабында 1890 жылы ашылған. Оңтүстік Қазақстан өңірінде алғашқы жаңа әдісті мектептер XX ғасырдың басында ғана ашылып, көбейе түскен /9/. Жыл өткен сайын жәдид мектептері көбейіп, 1905 жылға дейін тек Түркістан өңірінде оның саны 35-ке жеткен /10/.

Түркістан өлкесінде ашылған жаңа әдісті мектептерде татар тілінде басылған оқулықтар пайдаланылды. Татар тілін түсінуде Түркістан балалары қиналғандықтан, кейіннен бұл оқулықтар өзгертіліп, өңделді. Жаңа әдісті мектептердегі білім сапасын сезген мұсылман отбасылары өз балаларын ескі мұсылмандық оқу орындарынан жаңа әдісті мектептерге ауыстыратын. Ескі мұсылмандық оқу орындарында шәкірттер саны азайып, кейіннен олар амалсыздан жабылып жатты.

Жаңа әдісті мектептерге мамандарды даярлауға Уфа, Орынбор және Қазандағы медреселер елеулі ықпалын тигізді. Бұл медреселерде оқыған қазақ балаларының саны жыл өткен сайын асып жығылды. Аталмыш қалалардағы медреселердің оқытушылары мен шәкірттері кейінен қазақ даласында көшпелі төте жазу мектептерін ашқан. Бұл мектептерге орыс-түзем мектептерінде жұмыс істеген оқытушылар ауыса бастады.

Өз кезегінде Орынборда шығатын “Уақыт” газетінің кезекті санында “Школа и наши вероучителя” атты мақалада: “Школа- избавление нации от гибели. Из-

вестно что вероучителя являются людьми которые ведут к оздоровлению народы... наш народ начал пробуждаться, хотя и медленно, но только с тех пор, как начали появляться среди нас ново-методные школы и в них вероучителя. Эти ново-методные школы внеся новую струю в нашу нацию, пробудили ее от векового невежественного сна. Они (т.е. школы) показали, что наше положение печально (плохое) наше будущее мрачно и всяк ухватился за школу. Повсеместная жажда обучения мальчиков и девочек обуяла наш народ. Народ показал что он не пожалеет денег на расходы мектебам и вероучителям. В этом отношении выдвинулись и богачи-благодетели. Нашлись среди них имамы и молодые шакирды- энергичные люди, которые взяли на себя роль учителя” /11/ - деп, жаңа әдісті мектептердің жылдар бойы ұйықтаған халықтың өміріне едәуір өзгерістер енгізгенін жазған.

Түркістан генерал-губернаторлығында кеңінен өріс алған жаңа әдісті мектептер патша өкіметінің үрейін ұшырды. Полиция департаментінің 1901 жылы Сырдария уалаяты әскери-губернаторына жолдаған мына нұсқау хатынан орыс әкімшілігінің ашылған жәдидшіл мектептерден қаншалықты сескенгенін көре аламыз. Онда былай деп жазылған: “В последнее время в татарской литературе встречаются статьи связанные с пробуждением 14 миллионного мусульманского населения. Все это началось с азбуки опубликованной в 1884 году И. Гаспринским под названием “Ховадже-и- Субьян”... в связи с последствиями Андиганского восстания мы должны с осторожностью относиться к мусульманству и предпринять меры в отношении открывающихся ново-методных школ” /12/.

Орыс әкімшілігінің пікірінше: Түркістан өңіріне тәуелсіздік идеяларын татарлардан басқа түрік “эмиссарлары” таратқан. Олар мұсылман халықтарын өз медреселерінде оқытып қана қоймай, Түркістан өңірін түрлі басылымдармен қамтамасыз етіп жүргені жөнінде көптеген мұрағат құжаттары дәлел бола алады. Мұрағат құжаттарының бірінде “ Кроме татар на Туркестанских мусульман имеют

большое влияние разные турецкие эмиссары. Во время греко-турецкой войны с почты получались картины сражений, где все турецкое преукрашивалось, а христианство представлялось в искаженном и обидном для него виде. Внешним признаком турецкого влияния являются так же: факт ношения туземцами турецких фесок, вместо обычного головного убора, украшение куполов местных мечетей изображением луны и большое распространение турецких гравюр религиозного характера в домах туземцев, особенно в кельях при медресе” /13/ - деп жазылып, түріктердің де Түркістан өңіріне ықпал еткенін жазған.

Түркістан районының қарауыл бөлімшесінің бастығы 31 қазан 1912 жылы Түркістан өлкесінің училищелердің басты инспекторына жазған шағымдамасында Абдурашитханов есімді кісінің үйін тексеру барысында түрік тілінде жазылған кітаптарды тапқанын жазған. Сонымен қатар Абдурашитхановты ол түріктермен байланыс құрғаны жөнінде айып тағып, оның 1908 жылдан бастап “Шухрат” атты газетін шығаруға тиым салғаны туралы жазған /14/. Осылайша отар әкімшілігі кез келген жағдайға күдікпен қарап, жергілікті халықты бақылап отырған.

XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанда көптеген жаңа әдісті мектептер ашыла бастады. Тек Сырдария облысының бірінші аудандық инспекциясында 1914 жылы 17 жаңа әдісті мектеп тіркелген /15/. Олардың арасында - Әулиеата қаласында ашылған “Шамсие” мектебі, Қазалы қаласында “Хусаинов” татар мешіті жанындағы жаңа әдісті мектеп, Перовскі қаласында ашылған “Шаги Ахмет Валиуллинов” атты жаңа әдісті мектеп, Түркістан қаласындағы жаңа әдіспен дәріс берген т.б. мектептер қызметін атқарған.

Әулиеата қаласындағы татар мешіті жанындағы мектептің ұйымдастырушысы Хусаин Бегиев, бұл мектепті жаңа әдісті мектеп ретінде қайта құру үшін оған өтініш білдірген ата-аналардың арызын негізге алып, Сырдария облысының екінші аудандық халық училищелердің инспекторына өтініш жазған. Осы өтінішке жауап ретінде ол инспектордың рұқсатын алып,

“Шамсие” атты жаңа әдісті мектепті Николаев көшесі бойындағы татар мешіті жанынан ұйымдастырды. Онда 30 оқушының 2 сарт, 8 татар, 5 қазақ ұлдары және 5 қыз оқушы білім алған. Бұл мектепте мұғалім қызметін Самара губерниясының Бузулук уезінің шаруасы Халим Абдулгамит Умиров атқарған. Халим Абдулгамит, Гафаров медресесін бітіріп, мұсылмандық ілімдерімен қатар жаратылыстану пәндерін жергілікті тілде беретін /15, 8-9-п.п./.

“Шамсие” жаңа әдісті мектебінің оқу бағдарламасы төрт бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде- шәкірттер екі сатылы аптада 11 сағаттық әліппе сабағын оқитын. Бірінші сатыда- “Мұғалим-Аввал” әліппе сабағына 6 сағат бөлінсе, екінші сатыда- “Мұғалим- Сани” әліппе сабағына 5 сағат бөлінген. Әліппе сабағымен қатар шәкірттер ауызша дін заңы сабағын өтетін, оған аптада 3 сағат бөлінген-ді. “Қираат-Турки” деп аталатын ана тілін үйрену сабағына аптада 4 сағат бөлінген. Арифметика сабағына (Хисап-Зихни, арапша- “хисап” есеп деген мағынаға келеді, ал “Зихни”- ойлау дегенді білдіреді) аптасына 2 сағат бөлінген. Шәкірттердің көркем жазу сабағына аптасына 2 сағат бөлініп, жалпы бірінші бөлімде шәкірттер аптасына 22 сағаттық дәріс оқитын /16/.

Екінші бөлімде- Құран сабағына аптасына 6 сағат бөлінсе, “Мұғалимул-Ибадат” дін заңы сабағына 3 сағат бөлінген. Екінші бөлімде де шәкірттер аптасына 2 сағат бөлінген ана тілін оқитын. “Рахбар-Имла” атты ана тілінде диктант жазу сабағын аптасына 3 сағат бөлінген. Сондай-ақ, “Тарих- Анбия”- қасиетті тарих сабағын аптасына 3 сағат алып, есеп сабағын аптасына 4 сағат оқитын. Жалпы екінші бөлімде шәкірттер 21 сағаттық дәріс алатын /16/.

Үшінші бөлімде Құран сабағына аптасына 5 сағат бөлінген. Дін заңы сабағына- 4 сағат бөлінген. Үшінші бөлімде шәкірттер география (Мұхтасар-Жағрафия) сабағын аптасына 4 сағат оқитын. Бұл бөлімде гигиена сабағына аптасына 2 сағаттық дәріс бөлінген. Сондай-ақ шәкірттер ислам тарихын (аптасына 4 сағат), арифметика (3 сағат) және диктант сабағын аптасына 4 сағат оқитын жалпы

бұл бөлімде оқушылар 30 сағаттық дәріс оқитын /16, 42-43 об.-п.п./.

Төртінші бөлімде оқушылар Құран (4 сағат), дін ілімін (2 сағат), қысқаша жалпы және Ресей географиясын (3 сағат), арифметика сабағын (6 сағат), ислам тарихын (6 сағат), диктант және ауызша гигиена сабақтарын оқитын, жалпы бұл бөлімде оқушылар, жоспар бойынша жасалған 31 сағаттық дәріс оқитын /17/. “Шамсие” атты жаңа әдісті мектепте Қазан мен Орынбордан шыққан татар оқулықтар бойынша сабақ берілетін.

XIX ғасырдың сексенінші жылдары Қазалы қаласында ашылған “Хусаинов” атты мешіт жанындағы жаңа әдісті мектепте 80 оқушы білім алған болса, “Дивар-Хусаинов Сейфун- Маликов” мектебінде 35 қыз бала білім алған /18/. Бұл мектепте Орынбор медресесін бітірген екі оқытушыға қоса бір молда сабақ беретін. Мектептегі оқу процесі төрт сыныпқа бөлінгендіктен, оқушылар еуропа үлгісімен жабдықталған төрт бөлек сыныпта дәріс алатын. Бұл мектептің 80% татар, 10% сарт, 5% қазақ, 2% татар қыз балалары еді /19/. Мектепте білім алу тегін болғанымен, оқушылардың ата-аналары мүмкіндігінше ақшалай немес түрлі сыйлықтарын бұл мектепке беріп отырған. Мектепке қажетті қаражатты “Ғани Ғаниұлы Хусаинов” мешітінің қауым мүшелері жинап отырған.

Жалпы алғанда Оңтүстік Қазақстанда жәдидшіл мектептердің саны ескі мұсылмандық мектептерге қарағанда аз еді. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек: 1903 жылы Шымкент уезінде 172 ескі мұсылмандық мектебінде 2496 ер бала, 176 қыз бала оқыды. Сол жылдары Қазалы уезінде 99 ескі әдісті мұсылмандық мектеп жұмыс атқарған /20/. Ал 1905 жылы Шымкент уезінде 172, Әулиеата уезінде 147, Перовскі уезінде 84, Қазалы уезінде 99 ескі мұсылмандық мектептер жұмыс атқарған. Жалпы облыста 502 ескі әдісті мектеп болды /20, 18-п.п./.

Енді Оңтүстік Қазақстан өңірінде жәдидшіл мектептердің санын байқап көрсек. Статистикалық есеп бойынша: Түркістан генерал-губернаторлығы көлемінде жалпы 63 жаңа әдісті мектеп

халыққа қызмет еткен. Оның Сырдария уалаятында 16 жаңа әдісті мектепте 1650 шәкірт білім алған болса, Жетісу облысында 12 мектепте 825 оқушы білім алған /21/. Атап айтатын болсақ; Оңтүстік Қазақстан өңірінде: Әулиеата қаласында 2 жаңа әдісті мектеп, Перовскіде 2 ер балаларына және 1 қыз баласына арналған жаңа әдісті мектептер, Қазалы қаласында 3 жаңа әдісті мектеп, Шымкент қаласында “Шәми” мешіті маңында басшылық келісімімен ашылған жаңа әдісті мектеп, Түркістан қаласында ашылған 1 жаңа әдісті мектеп халыққа қызмет көрсетіп отырған /22/. Аталмыш жаңа әдісті мектептердің барлығы басшылық рұқсатымен қалаларда ашылып, тіркеуден өткен. Тіркеуден өтпеген көшпелі жаңа әдісті мектептердің санын анықтау қиынға соқты. Себебі, мұрағат құжаттарында олар жөнінде нақты мәліметтер табылған жоқ. Сондықтан, олардың санын нақты көрсету мүмкін емес.

Жаңа әдісті мектептерінің оқу бағдарламасы еуропалық мектептердің бағдарламасы негізінде жасалған. Алайда, Ресей империясы құрамындағы мұсылман халқы арасында кең тараған барлық жәдидшіл мектептердің оқу бағдарламасы бірдей болды деуге болмайды. Жәдидшіл мектептерін бір жүйеге келтіру мақсатында Нижний-Новгородта 1906 жылдың 16-21 тамыз аралығында өткен бүкілресейлік мұсылман съезінде қаралған еді. Бұл съезде оқу мәселесіне байланысты 33 тармақтан тұратын шешім қабылданды. Онда, біріншіден, барлық елді мекендерде мұсылман балаларына арналған бастауыш және орта мектептердің ашылуы, оқу процесі араб графикасы негізінде ана тілінде жүргізілуі, балалардың сегіз жастан мектептерге қабылдау мәселелері қолға алынды. Сондай-ақ, съезде оқыту мәселесіне басты назар аударылды. Съезге қатысушылар барлық жаңа әдісті мектептерге бірдей оқу бағдарламаның енгізілуі, ол үшін 1907 жылдың мамыр айында орталық қалаларда, атап айтқанда, Қазан, Ташкент, Қызылжар, Бақшысарай, Омбы қалаларында оқытушылар съезі шақырылсын делінді. Нәтижеде, түркі халықтарының бірлігін арттыру мақсатында

жаңа әдісті мектептерде дәрістер ортақ түрік тілінде өтілсін деп шешілді /23/. Бірақ, Ресейде болып өткен бірінші орыс революция салдарынан съезде қабылданған шешімдерді іс-жүзіне асыру қиынға соқты.

Мұсылмандардың рухани болмысы мен оларға ықпал ететін татарларды анду мақсатында Түркістан генерал-губернаторлығы тарапынан 2000 сом бөлінген еді. Бұл ақша генерал-губернатордың сөзімен айтқанда: “Чтобы организовать правильное расследование мусульман необходимо в Аулиетинский, Чимкентский и Ташкентские уезды послать тайных агентов из благонадежных туземцев, по два в каждый, с тем неперменным условием, чтобы агенты эти не знали друг друга и чтобы один не знал, что посылается в тот же уезд другой. Эти агенты могли бы путешествовать инкогнито: один например в качестве мелкого торговца, а другой- в качестве странствующего дуваны, нищего. Эти агенты по инструкции должны собирать сведения о настроении мусульман и действий татар, а так же открывающихсы ново-методных школах” /24/. Осылайша, патша үкіметі ашылып жатқан жаңа әдісті мектептерге тосқауыл болу мақсатында түрлі жолдарды қарастырып, оларды жабу үшін қолынан келгенін аямады.

Жәдидшіл оқу орындардың мәселесін қарастыру мақсатында 1909 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы оқу істерінің басты инспекторының ұйымдастыруымен мәжіліс өткізілді. Бұл жиналысқа Сырдария, Жетісу, Самарқанд және Ферғана облыстарының оқу инспекторлары қатысты. Қатысушылар, жаңа әдісті мектептердің 1907 жылғы бастауыш мектептер туралы ережесіне сай басқаруға келмейтінін айтып, бұл мектеп-терге арнайы ереженің дайындалу керектігі жөнінде сөз қозғады. Аталмыш жиналыста “жәдидшіл мектептерді мүмкіндігінше қауіпсіз ету” туралы ереженің жобасы әзірленді. Сөйтіп, бұл мектептерді бақылауға алуды көздеген ереже жобасы Түркістан генерал-губернаторлығының келісімімен Халық ағарту министрлігіне жіберілді /25/. Алайда, ереже жобасы жоғарғы инстанцияда қарала қоймады.

Нәтижеде жәдидшіл мектептерді бақылауға алу мәселесі 1911 жылы шілдеде Түркістан генерал-губернаторлығы уезд басшылары съезінде қаралды. Уезд басшылары Түркістан генерал-губернаторлығы оқу істері басты инспекторының ұйымдастырған жиналыста әзірленген жобаны жақтап, тез арада бекітілуін талап етті /26/. Генерал-губернатор Халық ағарту министрлігінен жауап күтпестен жаңа әдісті мектептер жөніндегі ережені 1912 жылдың қаңтар айында бекітті. Ереже бойынша, жалпы білім беру оқу орындарын ашу мәселесі тікелей халық училищелер инспекторының рұқсатымен ғана жүзеге асты. Бір тайпа өкілдерінен шыққан түземдік оқушылары мен мұғалімдері жаңадан ашылатын немесе ашылған мектептерде болуы жіті қадағаланатын болды. Жаңа әдісті мектеп ұйымдастырушыларына, қалалық және ауылдық қоғамдарға ашылатын немесе ашылған мектептерде жалпы мемлекеттік орыс тілі сабағын оқыту ескерілді /27/. Сондай-ақ жаңа әдісті мектептер ұйымдастырушыларынан мектептің оқу бағдарламасы, мұғалімдер жөніндегі ақпарат, оқулықтардың тізімі талап етіліп, жаңа әдісті мектептер генерал-губернаторлық тарапынан бекітілген осы ережеге бағынатын болды. Осылайша, барлық жаңа әдісті мектептер әкімшілік орындарға тәуелді болды.

Орыс әкімшілігінің бұл ұстанымы жаңа әдісті мектептердің дамуына тосқауыл қою болды. Өйткені, ереженің екінші тармағы бойынша мұсылман халықтарының араласып оқуына тиым салынды. Сонымен қатар, ережені дайындаған орыс басқарушылар жаңа әдісті мектептердің қоғамдағы қызметіне шектеу қойып, олардың біртіндеп ығысуын, тіпті, барлаушылар мен оқу инспекторларын араластырып, бұл мектептерді жабуды көздеді. Орыс әкімшілігі жаңа әдісті мектептердегі кез-келген кемшіліктерді сылтауратып, оны жауып отырды. Мәселен, мектептегі гигиеналық тазалық жағдайы басты сылтауларының бірі еді. Училищелер инспекторлары бұл мектептердің бөлмелеріне жарық түспейтіні, санитарлық талапқа сай келмейтіні жөнінде актілер

жасап, үкімет орындарына мектептердің жабылу қажеттілігі жөнінде өтініштер жазып отырған. Жәдидшіл мектептердің қызметін жалғастыру тікелей қаражатқа байланысты болғандықтан, міндетті түрде орыс әкімшілігінің байқаған кемшіліктері басым болған. Бірақ, оған орыс әкімшілігі қол ұшын бермей, керісінше оларды тезірек жабуға тырысып баққан /28/.

Түркістан генерал-губернаторлығы аумағында күшіне енген бұл ережеге қарсы мұсылман халқы наразылығын білдіре бастады. Әсіресе, ереженің екінші тармағы, яғни мұсылмандардың араласып оқуына тиым салу мәселесі мұсылман халықтарын қатты әбіржіткен. Сондықтан, жәдидшіл мектептер ұйымдастырушылары қызметін жалғастыру мақсатында оқу инспекторларына оқушылардың тізімін ұсынғанда, олардың бір ұлттан шыққандығы көрсетіліп, орыс тілі пәні оқытушының мұсылман болуын талап еткен. Оған Түркістан аудандық күзет бөліміне түскен құпия мәліметі дәлел бола алады. Бұл мұрағат құжатында: Шымкент мұсылмандарының бас қосып, орыс тілі пәні оқытушының орыс болғандығына қарсы шығып, жалпы мектеп жағдайы жөнінде сұхбат жүргізгені жөнінде жазылған. Сондай-ақ, бұл жиналыста, орыс әкімшілігінің мұсылмандарды барынша кемсітіп, ережені мұсылмандық оқу орындарын жабу мақсатында ғана бекіткені жөнінде сұхбат еткен мәліметтері бар. Мұсылман халықтары жаңа әдісті мектептердің өлкеде халыққа қызмет етуді жалғастыру туралы сөйлескенін және орыс тілі пәнінен мұсылман мұғалімінің сабақ беруін талап ету жөнінде бір келісімге келгенін жазған /29/.

1912 жылы қабылданған “Жәдидшіл мектептерді бақылау” ережесі Түркістан өлкесінде бұл мектептердің дамуына тосқауыл болып, аталмыш мектептерді қатаң бақылауға алды. Жаңа әдісті мектептерін жабу мәселесі бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында өрістей түсті. Осыған қарамастан мұсылман халықтары Ресей империясының орыстандыру саясатына қарсы күресін одан сайын күшейтіп, ұлттың мүддесін қорғауға барынша ат салысты. Жәдидшілдік қозғалыс ағарту сала-

сында өзіндік із қалдырып, ұлттық оқу жүйенің қалыптасып даму жолындағы күрестің өрістей түсуіне жол ашты. 1916 жылғы мұсылман халықта-рының ұлт-азаттық көтерілісі мұның бір айғағы болып келеді.

\*\*\*

- 1 Вахабов М.Г. О социальной природе среднеазиатского джадидизма и его эволюции в Великой октябрьской революции / История СССР. - 1963. - № 2; Кочаров В.Т. Из истории народного образования в Туркестанском крае. - Ташкент, 1959. - С. 15; Худайкулов А.М. Просветительская деятельность джадидов Туркестана (конец XIX - начало XX веков): Автореф. к.ф.н. - Ташкент, 1996; Мехмет Сарай. Rusya'nın Türk İllerinde Yayılması. - İstanbul, 1975; Türk Dnyasında Eğitim Reformu ve Gaspıralı İsmail Bey. - Ankara, 1987; Надир Девлет. Rusya Türklerinin Milli Mьcadele Tarihi. 1905-1907. - Anraka, 1985.
- 2 Гаспринский И. Из наследия. - Симферополь: Таврида, 1991. - С. 164 -165.
- 3 ӨРОММ. 1009-к., 1-т., 90-і., 1-п.
- 4 ӨРОММ. 1009-к., 1-т., 12-і., 42-п.
- 5 Баймирза Хайт. Sovyet Rusya Imperyalizmi ve Türk Dnyası. - Ankara, 1975. - S.15.
- 6 Мехмет Сарай. Türk Dnyasında Eğitim Reformu ve Gaspıralı İsmail Bey. - Ankara, 1987. - S. 45-47.

7 Зеки Уәлиди Тоған, Bugunьkь Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi. - İstanbul, 1982. - S. 23-25.

8 ӨРОММ. И-47-к., 1-т., 956-і., 96-97-пп.

9 ӨРОММ. 1-к., 2-т., 123-і., 7-9-п

10 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч. Т. II. Ч. 1. - М., 1963. - С. 340.

11 ӨРОММ. И-47-к., 1-т., 926-і., 182-п.

12 ӨРОММ. И-47-к., 1-т., 1148-і., 112-п.

13 ӨРОММ. 17-к., 1-т., 9829-і., 123-124-пп.

14 ӨРОММ. 49-к., 1-т., 255-і., 1-п.

15 ӨРОММ. И-47-к., 1-т., 1150-і., 378-п.

16 ӨРОММ. И-49-к., 1-т., 255-і., 41-42-пп.

17 ӨРОММ. И-47-к., 1-т., 1148-і., 47-48- пп.

18 ӨРОММ. И-17-к., 1-т., 1712-і., 6-п.

19 ӨРОММ. И-17-к., 1-т., 1760-і., 89-п.

20 ӨРОММ. И-48-к., 1-т., 65-і., 15-п.

21 ӨРОММ. И-47-к., 1-т., 955-і., 110-111-пп.

22 ҚРОММ. 232-к., 1-т., 37-і., 7-п.

23 Mary Holdsworth, Turkestan in the Nineteenth Century, A brief History of Bukhara, Kokand and Khiva. - Oxford, 1997. - P. 9.

24 ӨРОММ. И-17-к., 1-т., 1685-і., 35-36-пп.

25 Обзор Сырдарьинской области за 1910 год. - Ташкент, 1912. - С. 188-189.

26 ҚРОММ. 44-к., 1-т., 24236-і., 95-96-пп.

27 ӨРОММ. 47-к., 1-т., 3382-і., 63-64-пп.

28 ҚРОММ. 44-к., 1-т., 24237-і., 2-11-пп.

29 ӨРОММ. 1-к., 27-т., 213-і., 16-20-пп.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты политики Российской империи направленной против усиления новометодных школ в Туркестанском крае.